„...Артық ғылым кітапта,
Ерінбей оқып көруге" деген Абайдың қанатты сөзіндегі негізгі ойды қазіргі замандағы кітап оқуға деген сұраныспен байланыстырып жазыңыз.

Абай – қазақ даласында қайталанбас нар тұлға. Оның өмірге келуі, қазақ тілін жетік меңгеріп, ілім-білімді өз бойына сіңіріп қана қоймай, өскелең ұрпаққа дәріптеуі қазақтың маңдайына біткен шоқ жұлдызды бағы болды. Бүгінгі өзекті мәселелердің шешімін, сонау XIX ғасырдың екінші жартысында тайға таңба басқандай болжап, өз өсиетін бүгінгі ұрпаққа қалдырып кеткен Абайдың басты мақсаты қазақтың көзін ашу болатын. Ол өз заманында замандастарына, шәкірттеріне, одан бері бүгінгі замандағыларға дейін айтқан әрбір асыл сөзін, ұстанымын „кітап" деп келген. Қазақтың санасын жаңғыртып, ілім-білімге халқының көкірек көзін ашқан дана Абайдың аталмыш аталы сөзімен әлем таныған Шекспирдің „Кітап маған тақтан да қымбат", - деген ойы Баустың „Наданмен дос болғанша, кітаппен дос бол", - деген пікірлері үндес келетіндей. Әлем мойындаған, дүние жүзі таныған ұлы тұлғалардың кітапты кез келген құндылықтан жоғары қоюының да өзіндік себептері бар іспетті. Задында, адамзат баласының бүкіл санасы ғұмырында қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі – білім қазынасы болса, адам мен білімнің арасындағы асыл көпір – кітап. Абайдың артық білімді кітаптан іздеуі де, өзінің орыс ақындарының, батыс ақындарының кітаптарын жалықпай күн-түн демей ерінбей оқып, кейінгіге білім мен ғылымды кітаптан іздеуі де, өсиет етуі де – осыдан.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ